

## Мұнайлы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне азаматтарды тіркеуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы

Мұнайлы ауданының әкімінің 2011 жылғы 22 ақпандағы № 19-Ш шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 09 наурызда № 11-7-90 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабының 3 тармағына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. «Мұнайлы ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі, 2011 жылғы ақпан - наурызда, 1994 жылы туған, тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын және бұрын тіркеуден өтпеген, Мұнайлы ауданының аумағында тұрып жатқан ересек жастағы еркек жынысты азаматтардың әскерге шақыру учаскесіне тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

2. Меншік нысандарына қарамастан кәсіпорын, мекеме, ұйым және оқу орындары б а с ш ы л а р ы н а ұ с ы н ы л с ы н :

1) тіркелуге жататын азаматтарды ауданының шақыру учаскесіне шақыру жөнінде құлақтандыруын және шақыру бойынша уақытында келуін қамтамасыз ету;

2) тіркелуге дейінгілерді әскери есепке қою үшін қажетті уақытқа, жасөспірімдерді жұмыс (оқу) орындарындағы жалақыларын (стипендияларын) сақтай отырып, жұмыстан ( о қ у д а н ) б о с а т у .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Ондабаевқа жүктелсін .

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Е.Әбілов

« К Е Л І С І Л Д І »

М ұ н а й л ы а у д а н ы н ы ң  
қ о р ғ а н ы с і с т е р і ж ө н і н д е г і  
б ө л і м б а с т ы ғ ы  
Г . М е н д б а е в

22 ақпан 2011ж.